№ [illegible] балалар бақшасының
меңгерушісі Жиенкулова А.Ш
«____» ______________ 2023ж

## Ата – аналармен өткізілетін

## 2023-2024 оқу жылының жылдық жұмыс жоспары.

| № | Іс – шаралар тақырыбы | Өткізілу түрі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | Қыркүйек<br>1. Ата – аналарды 2023 – 2024 оқу жылының жоспарымен таныстыру.<br>2. Ата – аналар комитетін сайлау. | Ата – аналар жиналысы.<br>Пікірлерін тыңдау. | Топ тәрбиешілері:<br>Ходжаева К.Б.<br>Заксалыкова Г.Ж |
| 2 | Қазан<br>1.Ата-аналарға тест жүргізу.<br>2.Балалар – біздің болашағымыз. | «Сіз қандай ата-анасыз?» | Медбике:<br>Топ тәрбиешілері:<br>Психолог: Еңімова Г |
| 3 | Қараша<br>1. Қазіргі уақыттағы дәрумендердің бала организміне пайдалы жақтары.<br>2. «Күз жомарт» | Кеңес - көрме. | Медбике:<br>Топ тәрбиешілері: |
| 4 | Желтоқсан<br>Топты ата-аналармен бірлесіп безендіру.<br>2.«Торлет Жаңа жыл» | Ата – аналар жиналысы<br>Ертеңгілік | Топ тәрбиешілері: |
| 5 | Қаңтар<br>Ата-аналарға кеңес<br>1. "Дені саудың – жаны сау" мәдени – гигиеналық шара.<br>2. Бала денсаулығын нығайтудың дәстүрлі емес түрлері. | Тұмаудың алдын алу.<br>Жылжымалы папка.<br>Буклет. | Топ тәрбиешілері:<br>Медбике: |
| 6 | Ақпан<br>1. Бала тәрбиесіндегі ата – ананың рөлі.<br>Ата-ананың бала алдындағы міндеттері.<br>2. Тәрбие отбасынан басталады. | Дөңгелек үстел. | Топ тәрбиешілері:<br>Ата - аналар |
| 7 | Наурыз<br>1.Аяулы анашым» мерекелік ертеңгілік<br>«Анаммен бірге жасаған бұйымым»<br>2.«Тәрбие басы- тал бесік!»<br>«Наурыз-біздің жаңа жыл» ертеңгілік | Ертеңгілік.<br>Қолөнер көрмесін ұйымдастыру. Баяндама | Топ тәрбиешілері:<br>Ата – аналар . |
| 8 | Сәуір<br>1. Табиғатты аялайық.<br>2. Табиғат бұрышындағы әлемі гүлдер. | Ата – аналармен бірлескен жұмыс.<br>Сайыс (қол өнері) | Ата – аналар.<br>Топ тәрбиешілері: |
| 9 | Мамыр<br>1. Жазғы сауықтыру – шынықтыру шараларына дайындық.<br>2. Жылдық жоспар бойынша қорытынды.<br>3. «Ата-анаға мың алғыс!» | Жыл бойы өткізілген жұмыстарға есеп беру.<br>Алғыс хатпен құттықтау. | Медбике:<br>Топ тәрбиешілері |

## Хаттама № 1

**Ата-аналар жиналысы.**

**Күн тәртібінде:**

1.Баяндама: «Ата –ананың бала тәрбисіндегі рөлі»

2.Кеңес: «Отбасы тәрбие мектебі»

3.Жаңа оқу жылына дайындық.

4.Әр түрлі мәселелер

Қатысқан-13

Себепті-2

Себепсіз-4

1.Бірінші мәселе бойынша.Баяндама : «Ата –ананың бала тәрбисіндегі рөлі» тақырыбы бойынша топ тәрбиешісі Тәжібаева Көрпеш оқыды.Жас ұрпақты тәрбиелеуде отбасы маңызды орын алады.

2.Екінші мәселе бойынша.Кеңес: : «Отбасы тәрбие мектебі» тақырыбы бойынша топ тәрбиешісі Ходжаева К.Б оқыды.Балалардың тәрбиесі отбасынан басталатынын күнделікті айтып отыру,ата-аналары балаларының таза келіп,ұқыпты жүруін және үлкендермен амандасуынан басталатынын кеңес айту.

3.Үшінші мәселе бойынша. Жаңа оқу жылына дайындық.Ата-аналарға оқу іс-әрекетіне керекті оқу құралдары туралы айтылды.

4.Әр түрлі сұрақтар.Ата-аналар өз ойларын ортаға салып талқылады.

Ата-аналар комитетінің төрайымы: Сакишева Алия

Рымғалиева Айгерім

Шешімі:

1-ші сұрақ: баланың тәрбиесіне ата-анасы көңіл бөлсін.

2-ші сұрақ: баланың тазалығына көңіл бөлсін.

3-ші сұрақ: құралдар ата-аналардан сұралды.

4-ші сұрақ:Ата-аналар комитеті сайланды.

**№ 2 Ата-аналар жиналысы.**

**Күн тәртібінде:**

1.Баяндама: «Ұлттық оыйндар»

2.Кеңес: «Балаларға эстетикалық тәрбие беру»

3.Жаңа жыл мерекесіне дайындық .

4.Әр түрлі мәселелер

Қатысқан ата –ана -12

Себепсіз-9

1.Бірінші мәселе бойынша.Баяндама : «Ұлттық ойындар » тақырыбы бойынша топ тәрбиешісілері оқыды.Еліміздің ертеңі ұрпағы үшін ұлттық тәрбиенің бала өміріне маңызы зор.

2.Екінші мәселе бойынша.Кеңес: : «Балаларға эстетикалық тәрбие беру» тақырыбы бойынша топ тәрбиешісі Жаксалыкова Е.Ж оқыды.Бала тәрбиесінде ең мақсат баланың эстетикалық дамуындағы бастауы,сонымен қатар ана тілінде сөйлеуге үйрететін алғашқы баспалдақ.

3.Үшінші мәселе бойынша. Жаңа жыл мерекесіне дайындық.Ата-аналардан жаңа жыл мерекесіне балаларға кейіпкерлердің киімін,басқа да керекті нәрселерді әкеліп беруін өтінді.

4.Әр түрлі сұрақтар.Ата-аналар өз ойларын ортаға салып талқылады.

Шешімі:

1-ші сұрақ: баланың тәрбиесіне ата-анасы көңіл бөлсін.

2-ші сұрақ: баланың тазалығына көңіл бөлсін.

3-ші сұрақ: Балаларға киіпкерлердің киімдерін кигізулері туралы айтылды

*Баяндама:*

# *«Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі»*

## ***«Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі»***

Қай заманда болсын, тәрбие мәселелері назардан тыс қалып көрген емес. Бала тәрбиесі - мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің Жолдауларында егеменді еліміздің азаматтарын қалыптастыруда тәрбие жұмыстарының ерекше рөлі барын баса айтып келеді. Қай халық болмасын үмітін ең алдымен өзінің ұрпағымен тікелей байланыстырады.

«Адамның бір қызығы бала деген, баланы медресеге біл деп бердім, қызмет қылсын шен алсын деп бермедім деп», - Абай Құнанбайұлы айтқандай, адам ұрпағымен қымбат, адам баласының ең қызығы, бақыты, ұрпағының жалғасы.

«Балалы үй базар, баласыз үй мазар», - дегендей бала отбасы жалғастығы, ұрпағы. Ал тәрбие тал бесіктен емес құрсақтан басталады. Оның себебі болашақ ана баланы бесіктен емес, құрсақтан бастап тәрбиелеуі керек. Балаға деген мейірімі, сезімі, махаббаты ананың ыстық ықыласы мен тәрбиесінен берілетін құнды дүние. Бала тәрбиесі ата-ана тәрбиесімен ұштасып жатуы тиіс. Ата-ананың бала тәрбиелеудегі мақсаты - болашақта баланың жеке тұлға болып қалыптасуына, саналы ұрпақ болып өсуіне , дұрыс білім алып жетілуіне, өмірде өз орнын табуына көмек беру. Себебі, білім тәрбие арқылы беріледі. Тәрбие жоқ жерде білім де жоқ. Тәрбие қаншалықты тереңде болса білім де соншалықты тереңде. Болашақ білімді, дарынды, адамгершілігі мол ұрпақ үшін бұл өте маңызды. Отбасының бала тәрбиесінде алатын орны айрықша. Ал қазақ отбасының өзіндік ерекшеліктері бар.

1.Халықтық сипат алуы: көп балалы болуды қалауы, ауыл қариялары, көрші-қолаң, тума-туыс, құрбы-құрдас және т.б. тәрбиеге баулуы;

2.Ізгіліктілігі: отбасындағы әрбір әрекет, қарым-қатынас, ұлттық мерекелер мен салт-дәстүрлер;

3.Жеке-даралығы: ұл мен қыз бала тәрбиесі.

Осы аталған қасиеттер тұтас қамтылған жағдайда тұлғалық қасиеттер қалыптасып, кемелдікке жеткізеді.

Әрбір ата-ана өз ұлы мен қызының әдепті, саналы, иманды да ибалы, Отанының білімді азаматы мен азаматшасы болып жетілуін қалайды. Ата-ана перзентінің жақсы азамат болып жетілуі үшін өз отбасында тәрбиелеудің нәзік жақтарының заңдылықтарын білуі қажет. Сыйластық, түсіністік, үлкен жауапкершілік сезімдері бар отбасы - бақытты отбасы. Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың өзара қарым-қатынасы мазмұнды, сенімді болады.

Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы - туған ұясы, өз отының басындағы тәрбиесі. Қазақтың: «Баланың бас ұстазы - ата-ана», «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» - дегендей, тәй-тәй басып, есі кіріп, тілі шыға бастағаннан-ақ баланы байсалды, ұғымпаз, тілалғыш етіп баулыған дұрыс. Қай заманда болса да бала тәрбиесі - басты байлық, ал ең асыл дүние - оның тәрбиесі. Әрбір мемлекеттің болашағы оның төл мектебінде шыңдалады.

Болашақта ел тізгінін ұстар азаматтар - бүгінгі мектеп оқушылары. Осы қағиданы нақты ұғынған елбасы Н.Ә.Назарбаевтың, «Ұлт болашағы білімді ұрпақ қолында» деп әрдайым айтқан сөзі дәлел. Шын мәнінде бүгінгі жас - ертеңгі елдің мызғымас тірегі, келешек келбеті. Сол себепті олардың білімді, бәсекеге қабілетті, жан-жақты әлеуметтенуі ел дамуындағы аса маңызды фактор болып табылады. Сондықтан да кешеден бүгінге дейін жалғасын тауып келе жатқан ұрпақ тәрбиесі өзекті мәселелердің бірі. Жалпы бала тәрбиесі - берері де, сұрауы да, жемісі де мол тәрбие саласының ең өзектісі. Дана халқымыз «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болып өскенде оны түзете алмайсың» деп бекер айтпаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, яғни адамгершілік секілді құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөль атқарады.

Бүгінгі ұл - ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз - ертеңгі ана, ол шешеге қарап өсіп, бой түзейді. Балаға білім,тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші - ата-ана, қала берді қоғам. Баланы өмірге бейімдеуде мектеп, ұстаз және ата-ананың орны бөлек. Қоғамның алғашқы ұйтқысы отбасында бала үлкендермен араласады. Баланың қоғамдық әлеуметтік дамуы жанұяда өз орнын алуынан басталады. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай, жақсыға да жаманға да бірдей бейімделгіш. Халқымызда «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» немесе «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген нақыл сөздер тегін айтылмаған.

Ата-ана өзінің мінезі, дағдысы, сөзі, іс-әрекеті арқылы баласына үлгі көрсетеді. «Сіздер баланы тек сөйлеген кезде ғана, оған ақыл айтқанда немесе бұйрық берген кезде ғана тәрбиелейміз деп ойламаңыздар, - деп жазады белгілі педагог А.С. Макаренко, «Сіздер оны өмірлеріңіздің әрбір минутында, тіпті өздеріңіз үйлеріңізде жоқ уақыттың өзінде тәрбиелейсіздер, сіздер қалай киінесіздер, сіздер басқалармен қалай сөйлесесіздер немесе басқа адамдар туралы қалай қуанасыздар және ренжисіздер, сіздер достарыңызбен қандай қарым-қатынаста боласыздар, сіздер қалай күлесіздер, газет-журнал оқисыздар - осылардың бәрінің бала үшін маңызы бар». Бала әрқашанда ата-анадан мейірімділікті, сүйіспеншілікті, жүрек жылуын қажет етіп, ата-ананы өмірдің тірегі деп санайды. Дүниенің ең тамаша туындысы - тамаша тәрбие алып шыққан адам болып табылады. Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады. [illegible] жылуы - оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде болады. Отбасы - бала тәрбиесінің ең алғашқы

ұжымы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының тигізетін әсері мол. Ал берекелі отбасының ата-анасы өзінің міндеті мен жауапкершілігін жақсы білуі тиіс.

1. Мәдениетті адам тәрбиелеуге және өз баласын таза өмір сүруге бейімдеуге міндетті;

2. Жүйелі білім алуына көмектесуге міндетті;

3. Ұдайы ата-аналар жиналысына қатысуға, оқытушымен кездесуге, баласының мектептегі өмірімен танысуға міндетті;

4. Баланың өміріне, денсаулығына зиян келтіретін темекі, арақ, т.б. улы заттарды қолданбауға, олардың балаға зиянды екенін түсіндіруге міндетті;

5. «Баланы жетіге келгенше тыйма, жетіден он төртке келгенше білім беріп қина, он төрттен кейін үлкен азамат деп сыйла» деген қағиданы берік сақтауға міндетті.

Отбасында ата-ана баланың жеке басын таныи білуге де міндетті.

1.Бала туралы жалпы мағлұматтарды;

2.Оқуға қабілеті мен әрекетін;

3.Баланың еңбекке әрекеті мен бейімін;

4. Баланың арнайы қабілеті

5. Баланың тәртібін

6. Баланың темпераменті мен мінезіндегі ерекшеліктерін.

Осы орайда отбасындағы ата-аға жауапкершілік те туындайды.

1.Балаға арамза әрекет жасағаны үшін жауапты;

2.Мұғалімге, мектептің педагогикалық ұжымына балағаттау және әдепсіз қарым-қатынас жасағаны үшін жауапты;

3.Бала тәрбиесі үшін қабылданған барлық қаулылардың орындалмағанына жауапты.

4.Балаға адамгершілік тәрбие беру үшін, өз жанұясында бірлік пен татулықты ұстануға жауапты. Үйдегі тыныштық баланың мектептегі мәселелерін тиімді шешудің бірден бір жолы;

5.Мектептен кейінгі баланың білім мен тәрбие алуына бақылау жасауына жауапты;

6.Кәмелеттік жасқа жеткенге дейінге баланың салауатты өмір салтына сай тәрбие алуына жауапты.

Сонда ғана бүгінгі оқушы мемлекетіміздің ертеңгі үлкен азаматы, кәсіп

иесі. Сондықтан да бала тәрбиесіне аскан жауапкершілікпен қарап, жас ұрпақты назардан тыс қалдырмаған жөн. Оны жұмыс жүргізу формасы ретінде де көрсетуімізге болады.

Қорытындылай келе, белгілі жауынгер Б.Момышұлының «Жауынгерлік тәрбие әскери киімде емес, жүректе жатыр» деген аталық сөздерінде үлкен мән жатқанын баса айтқымыз келеді. Отбасы – ана-ата – мектеп үштік ұғымы біріккенде сапалы білім мен саналы тәрбие болады.






№3 «Гүлдер» Алға балалар бақшасы

«Қалам» мал тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттама №2

Өткізілген күні: 21.12.2023ж

Қатысқаны:15

Қатыспағаны:10

Ата-аналар жиналысының тақырыбы:

«Жақсы бала , ата-ана қуанышы»:

Мақсаты:Бала тәрбиесіндегі ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру.

Күн тәртібіндегі мәселелер

1.Тренинг: шаттық шеңбері.

2.Ата-ананың басты қуанышы бала.

3.Жаңа - жыл мерекесі

4. Әр түрлі мәселелер.

1. Ата-аналар ортаға дөңгеленіп тұрады. Бүгінгі кездесуде сіздер балаларыңызды кәнертең қалай және қанда көңіл күйде оятасыз? Соны бір біріне қарап айтады.

2. Ата-ананың басты қазығы, алтын тіреу діңгегі бала.Отбасы тұлғаны дамытатын кішігірім орта. Қорыта айтқанда ата-ананың махаббаты,сүйіспеншілігі бала үшін бақыт, қуаныш.

3. Жаңа жыл мерекесі балабақшада болады.Жаңа жылдық сыйлықты ұйымдастыру. Топты безендіру.

Балабақшаға баланы кешіктірмей әкелу төлемақысын уақытылы төлеу керектігі Туралы айтылды. Ата-аналар қойған сұрақтарға жауап берілді.

Қаулы:

Балабақшада балалардың оқу іс әрекетіне, тазалығына мән беру.

Жаңа жылдық іс шараға ат салысу.

Жауаптылар:Топ тарбиешілері және барлық ата-аналар деп шешілді

Хатшысы:Заксалыкова.Е.Ж







**Хаттама № 3**

**Ата-аналар жиналысы.**

**Күн тәртібінде:**

1.Баяндама: «Тәрбие басы тал бесік»

2.8-Наурыз,22-Наурыз мерекесіне дайындық

3.Әр түрлі мәселелер

Қатысқан ата –ана -20

Себепсіз-4

1.Бірінші мәселе бойынша.Баяндама : «Балалардың тілдік мәдениетін дамыту » тақырыбы бойынша топ тәрбиешісі Ходжаева К.Б оқыды.Ата-аналар зейін қойып тыңдады.Сұрақтар қойып талқыланды.

2.Екінші мәселе бойынша. 3.Үшінші мәселе бойынша. Наурыз және аналар мерекесіне дайындық.Ата-аналардан наурыз мерекесіне қазақтың ұлттық киімін киюлерін,басқа да керекті нәрселерді әкеліп беруін өтінді.

3.Әр түрлі сұрақтар.Ата-аналар өз ойларын ортаға салып талқылады.

Шешімі:

1-ші сұрақ: баланың тәрбиесіне ата-анасы көңіл бөлсін.

2-ші сұрақ: Балаларға ұлттық киімдер кигізуін және аналар мерекесіне орай билейтін көйлектерін бір ауыздан алуларын сұрадық.

3-ші сұрақ: Аналардан айлық жарналарын уақытында төлеулері туралы айтылды.







№3 «Гүлдер» Алға балалар бақшасы

«Қалам» мад тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Хаттама №4

Өткізілген күні: 17.05.2024ж

Қатысқаны:13

Қатыспағаны:8

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1.Балалардың оқу іс әрекеті.

2.Балаңыз мектепке дайынба? Сауалнама толтыру.

3.Балабақшамен қоштасу.

4.Әр түрлі мәселелер.

1.Балалардың оқу жылы басталғаннан бастап осы уақытқа дейін қандай жетістіктерге жеткені туралы айтылды.Балалар әріпті , санды жаза алады және таниды.

2.Балаңыз мектепке дайынба? Иә немесе жоқ деп сауалнама толтырылды.

3.«Қош бол балабақшам» ертеңгілігіне ата-аналармен бірлесіп топты безендіру.

4.Балабақшаға балаларды кешіктірмей әкелу және балабақша төлем ақысын төлеу керектігі ескертілді.

Қаулы:

1.Балалардың оқу іс әрекетіне тазалығына мән беру.

2.Балалардың мектепке дайын екеніне сенім білдірілді.

3.Балалардың балабақшамен қоштасу ертеңгілігіне ат салысу.

Төрайымы:Ходжаева.К.Б

Хатшысы:Заксалыкова.Е.Ж





